

БҰЙРЫҚ

№ 145 «28» желтоқсан 2022ж.
Еркіншілік ауылы
Сарыжайлау көшесі, 24
020808

**2022-2023 оқу жылының 2 тоқсанның
ұйымдасқан түрде аяқталуы туралы.**

ҚР БҒМ 2021 жылғы 12 тамыздағы № 363 бұйрығы негізінде, мектептің жылдық жұмыс жоспарына, күнтізбелік оқу кестесіне сәйкес 2022-2023 оқу жылының 2 тоқсанның ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

- 2 тоқсанда мектепалды даярлық топтарындағы, 1-11 сыныптардағы оқу сабақтарының соңғы күні 2022 жылдың 30 желтоқсаны, қысқы демалыс мерзімдері 31.12.22-08.01.2022 ж. күндерін қоса алғанда болып саналсын.
- Пән мұғалімдері 2-11 сынып білім алушыларына ағымдағы жылдың 29 желтоқсанныан кешіктірмей 2 тоқсанға қорытынды бағаларын қойсын.
- 0-11 сыныптардың сынып жетекшілеріне:
 - демалыс мерзімдері туралы оқушылар мен олардың ата-аналарын уақытылы хабардар етуді қамтамсыз етсін;
 - оқушылардың үлгерімі туралы ақпаратты ата-аналарға (заңды өкілдерге) күнделік, электрондық журнал, сондай - ақ әлеуметтік желілер арқылы ағымдағы жылдың 29-шы желтоқсанныан кешіктірмей жеткізсін;
 - оқушылармен қысқы каникул кезіндегі мінез-құлық ережелері, ЖҚЕ, жеке қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, көктайғақ кезіндегі мінез-құлық ережелері туралы нұсқаулық журналына міндетті түрде жазыла отырып, нұсқама өткізсін;
- Директордың ОТИ жөніндегі орынбасары Байтасова Ш.Ш., Мадениет Ержанарға:
 - ағымдағы жылдың 29 желтоқсанына дейін электрондық журналдардың (2 тоқсанға баға қою, бағдарламалардың орындалуы) толтырылуын тексеру;
 - 2022 жылдың 30 желтоқсанға дейін 2 тоқсан нәтижелері бойынша талдамалық ақпарат дайындау;
 - 2023 жылдың 5 қаңтарында №3 педагогикалық кеңесінің жоспарлы отырысын өткізу;
 - 2023 жылдың 6 қаңтарында №3 әдістемелік кеңесінің жоспарлы отырысын өткізу;
- Директордың ТЖ жөніндегі орынбасарлары А. А. Салқынбаева мен Қ. Мырзахан жаңа жылдық іс-шараларды өткізуге жауапты болып тағайындалсын.
- Мереке күндері әкімшілік пен мұғалімдердің кезекшілік кестесі бекітілсін
- Информатика пәнінің мұғалімі Аманжол С. 2022-2023 оқу жылының 2 тоқсанның аяқталуы туралы бұйрықты мектеп және Күнделік кз сайтында орналастырсын.
- Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

ПРИКАЗ

№ 145 «28» декабря 2022 г.
с. Еркіншілік
улица Сарыжайлау, 24
020808

«Еркіншілік ауылының жалпы
орта білім беретін мектебі» КММ директоры:

Исатаева Б.Г.